

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

2025 жылғы 21 ақпан

№ AIFC-C/CFI/2025/0002 ic

**«Саяхат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қатысушысы
Мунайтпас Минуис Медеуович**

Талап қоюшы

қарсы

**«Саяхат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қатысушысы
Кузнецкин Олег Дмитриевич**

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2025 жылғы 14 ақпандағы талап қою арызының нысанына сәйкес Талап қоюшы Сотқа 2024 жылғы 2 қарашадағы біржақты арбитр Торехан Мұхтаров мырзамен қабылданған, 2024 жылғы 12 қыркүйектегі Халықаралық төрелік орталығының төрағасы Томас Крюммель мырзаның хаты негізінде, ХТО № 154/2024 төрелік талқылауына қатысты тағайындалған төреші шығарған Төрелік шешімнің V бөлімінде көрсетілген шараларды тану және орындау туралы Бұйрық шығару жөнінде өтініш білдірді.
2. Төрелік шешімді қарағаннан кейін мен талап мәлімдемесі негізді деп шештім. Сол себепті мен былай бұйырамын:
 - 1) Талап қоюшының талап қою талаптары толық көлемде қанағаттандырылсын.
 - 2) Кузеньткин Олег Дмитриевич «Саяхат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қатысушылар құрамынан шығарылсын.
 - 3) Кузеньткин Олег Дмитриевичтің «Саяхат» ЖШС-індегі 50% мөлшеріндегі үлесі нарықтық құны 94 135 822 (тоқсан төрт миллион бір жүз отыз бес мың сегіз жүз жиырма екі) теңге сомасында Миниус Мұнайтпас Медеуовичтің пайдасына мәжбүрлі түрде сатып алынсын.
 - 4) Үлес құны біржолғы тәртіппен Кузеньткин О.Д. жеке өзі келген кезде немесе оның банктік деректемелері ұсынылғаннан кейін оның банк шотына аудару арқылы төленсін.
 - 5) Төрелік іс жүргізу шығындары Талап қоюшының есебіне жатқызылсын.
3. Жауапкерге бұл Бұйрықты алған сәттен бастап 14 күн ішінде оның күшін жою туралы өтініш беруге құқығы беріледі;
4. Осы Бұйрық а) жоғарыда көрсетілген 3-тармақта белгіленген мерзім өткенге дейін; немесе б) көрсетілген мерзім ішінде Жауапкер берген кез келген өтініш толық қанағаттандырылғанға дейін, қайсысы кейінірек орын алса, сол уақытқа дейін орындауға жіберілмейді.

Сот қабылдады,

Лорд Фолкс КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы өз мүдделерін дербес түрде өзі қорғады.

Жауапкер өкілдік етілмеді.